

ҚАЗАҚТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ӘН ШЫРҚАУ МЕКТЕБІ: ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ СИНТЕЗДІК ҚАҒИДАТТАРЫ

Құрманбек Байқуатұлы¹, Ақмарал Байқуатова²

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

²Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер Университеті
(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада қазақ классикалық ән орындау мектебінің қалыптасу мәселесі дәстүрлі халық ән айту тәжірибесі мен академиялық вокалдық орындау қағидаттарының өзара синтезі тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану үдерісінде академиялық вокалдың стандартталған үлгілерінің басымдық алып, ұлттық интонациялық, тілдік және орындаушылық ерекшеліктерді екінші қатарға ығыстыруымен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – қазақ классикалық ән орындау мектебінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және оны дербес көркемдік-педагогикалық мектеп ретінде негіздеу. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалық, мәдени-тарихи, орындаушылық-аналитикалық және педагогикалық әдістер қолданылды. Талдау нәтижесінде қазақ классикалық әнін орындауда музыкалық тұрғыда сауатты орындау мен көркемдік тұрғыда асқақтата шырқау ұғымдарының айырмашылығы айқындалып, ұлттық интонация, мелизматика, тембрлік бояу және мәтіннің орфоэпиялық дәлдігі негізгі айқындаушы факторлар ретінде анықталды. Зерттеу қорытындылары қазақ классикалық ән орындау мектебін ұлттық музыкалық болмысты сақтай отырып, заманауи вокалдық педагогика мен кәсіби сахналық тәжірибеде тиімді қолдануға болатын дербес орындаушылық жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қазақ классикалық әні, академиялық вокал, дәстүрлі ән айту, орындаушылық мектеп, ұлттық интонация.

Дәйексөз үшін: Құрманбек, Байқуатұлы және Байқуатова Ақмарал. «Қазақтың классикалық ән шырқау мектебі: үдерісі және синтездік қағидаттары». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 11, № 2, 2026, б. 168–183, DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1188

Алғыс: Авторлар «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакциясына және рецензенттерге осы зерттеуге қызығушылық танытқандары үшін, сондай-ақ мақаланы жариялау барысындағы көмектерін тигізгендеріне өз алғыстарын білдіреді.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Қазақ вокалдық өнері ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі ән айту мәдениетіне, интонациялық ойлау жүйесіне және поэтикалық мәтін мен әуеннің табиғи тұтастығына негізделген. Қазақ композиторларының вокалдық шығармалары мен классикалық халық әндері орындаушылық тұрғыдан шығармалардың сазды бояуын өзіндік ерекшелігімен орындау шеберлігімен айқындалып, ұлттық музыкалық болмыстың маңызды көрінісін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, руханияттың қай саласы болмасын ұлттық кодтың арқасынан бастау алуы заңды құбылыс болып табылады.

Алайда, қазіргі академиялық орындаушылық тәжірибеде қазақ вокалдық мұрасының табиғи ерекшеліктері әрдайым толық сақтала бермейді. Нотаға хатталған шығармаларды вокалдық, еуропалық үлгіде орындау және сол шығарманы ұлттық тарихи әуезбен ұштастырып орындау бір басқа екені орындаушылық тәжірибеде айқын сезіледі. Музыкалық және техникалық жағынан жоғары деңгейде орындалғанымен, ұлттық нақышы, колориті олқы орындалған шығарманың толыққанды болудан алшақ екені кәсіби ортада бұрыннан белгілі мәселе. Қазақ халық әндерінің академиялық вокалға бейімділігі жоғары болғанына қарамастан, олардың әлемдік деңгейде ұлттық келбетімен орныға алмауы да осы біржақтылыққа байланысты. Осы мақалада қойылған «вокалдық академиялық деңгейде орындауға өте ыңғайлы халық әндері неге әлемдік деңгейде өзіндік ерекшелігімен танылып орныға алмай келеді?» — деген сұрақ бүгінгі ғылыми талдауда да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл жағдай орындаушылық әдіснамада қазақ тілінің орфоэпиясын, интонациялық үйлесімді, мелизматика мен поэтикалық мәтіннің мағыналық дәлдігін ескерудің жеткіліксіздігін көрсетеді. Осы орайда, қазақ классикалық әнін орындау тек сауатты жақсы орындау деңгейімен шектелмей, оны асқақтата шырқау ұстанымына негіз-

делуі тиіс. Мұндай деңгейге жету үшін академиялық вокал техникасы мен қазақтың дәстүрлі ән орындау мектебінің озық үлгілері өзара біте қайнасып (синтез) үндесуі қажет. Себебі жалпы әлемге ортақ академиялық орындау үрдісі қазақтың классикалық шығармаларын толыққанды аша алмайды деген тұжырым осы зерттеудің негізгі теориялық өзегін құрайды. Осыған байланысты мақалада *қазақ классикалық ән шырқау мектебі* ұғымы дәстүрлі қазақ ән орындау тәжірибесі мен кәсіби академиялық вокал мектебінің өзара сабақтасып, бірін-бірі толықтыруы нәтижесінде қалыптасқан дербес орындаушылық жүйе ретінде қарастырылады. Мұндай мектеп ұлттық музыкалық болмысты сақтай отырып, заманауи вокалдық педагогика мен орындаушылық тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Аталмыш зерттеудің мақсаты — қазақ классикалық ән орындау мектебінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және оны қазақтың дәстүрлі ән орындау үрдісінің озық үлгілерімен сабақтастыра отырып, академиялық вокал кеңістігінде орнықтыру жолдарын көрсету.

Әдістер

Мақала қазақтың вокалдық-орындаушылық өнерінде қалыптасқан дәстүрлі ән айту тәжірибесі мен академиялық вокал жүйесінің өзара байланысын талдауға бағытталған. Зерттеу барысында қазақ композиторларының вокалдық шығармалары мен классикалық халық әндерінің орындаушылық ерекшеліктері қалыптасып келген дағдылы үрдістер аясында қарастырылып, олардың қазіргі академиялық сахнадағы орындалу тәжірибесімен салыстырыла талданды.

Еңбектің негізгі әдіснамалық тірегі — салыстырмалы-талдамалық әдіс. Бұл әдіс арқылы әлемдік вокалдық ән мектептерімен үзеңгілес төл академиялық орындаушылық үрдісін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Атап айтқанда, еуропалық академиялық вокал мектептеріне тән

орындаушылық қағидаттар мен қазақтың дәстүрлі ән айту мектебінің интонациялық, тембрлік және көркемдік ерекшеліктері салыстырылып, олардың қазақ классикалық әнін орындаудағы сәйкестігі мен шектеулері айқындалды.

Зерттеу барысында орындаушылық-аналитикалық әдіс кеңінен қолданылды. Бұл әдіс қазақ әндерінің ән мақамының, әуезінің интонациялық үйлесімін, мелизматикасын, әшекейлеу мен әрлеу үлгілерін, сондай-ақ поэтикалық мәтіннің музыкалық құрылыммен өзара байланысын талдауға мүмкіндік берді. Әсіресе мәтін сөзінің нота реті бойынша дұрыс жіктелуі мен қазақ тіліндегі дыбыстардың вокалдық айтылым ерекшеліктеріне назар аударылды.

Сонымен қатар зерттеуде мәдени-тарихи әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақтың халық әндері мен классикалық вокалдық шығармаларының тарихи қалыптасу үдерісі, олардың ұлттық руханияттағы орны және ғасырлар бойы табиғи қалыптасу арқылы дамып келген дәстүрлі жауһар ретіндегі маңызы қарастырылды. Осы тұрғыда қазақ ән орындаушылық мектебінің халықтық бастаулардан нәр алуы зерттеудің маңызды алғышарты ретінде алынды.

Зерттеудің әдіснамалық құрылымында педагогикалық талдау әдісі де маңызды орын алды. Бұл әдіс жас орындаушыларды тәрбиелеу үдерісінде қазақтың халық ән орындау мектебінің озық үлгілерін академиялық вокал даярлығымен ұштастыру жолдарын анықтауға бағытталды. Әсіресе жас өнерпаз әншілерді ерте бастан баулып, аталған мәселенің ара-жігін айырып, оны іс жүзінде қолдану қағидаты зерттеудің практикалық бағытын айқындады.

Атап өткен әдістердің жиынтығы қазақ классикалық ән орындау мектебін сауатты жақсы орындау деңгейінен асқақта-та шырқау деңгейіне көтеретін синтездік орындаушылық модельді ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу әдіснамасы қазақтың дәстүрлі ән айту болмысы мен академиялық вокалдық кәсіби талаптардың біте қайнасып үндесуін негізгі әдістемелік ұстаным ретінде қарастырды.

Әдеби шолу

Қазақтың классикалық әндерін академиялық вокалдық дауыспен орындау мәселесі музыкалық орындаушылық тәжірибеде де, музыкатану ғылымында да көпқырлы әрі өзекті проблема ретінде қарастырылады. Бұл мәселе, ең алдымен, халықтық ән айту дәстүрі мен кәсіби академиялық вокал жүйесінің өзара қатынасы, ұлттық интонациялық болмыстың сақталуы және дербес вокалдық орындаушылық мектептің қалыптасуы тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

Қазақ халық әндерінің ғылыми жинақталуы мен зерттелуі ХХ ғасырдың басынан бастап жүйелі сипат ала бастады. Александр Затаевичтің еңбектері (Затаевич) қазақ әндерінің интонациялық, ладтық және ырғақтық табиғатын алғаш рет нота арқылы бекітіп, халықтық орындау дәстүрінің негізгі белгілерін сақтауға бағытталды. Оның жинақтарында әндердің авторсыз, ұжымдық шығармашылық жемісі ретіндегі болмысы ерекше аталып, алғашқы орындаушылардан тікелей жазып алу қағидаты жетекші орын алды. Бұл ұстаным кейінгі этномузыкатанулық зерттеулердің әдіснамалық негізіне айналды.

Қазақ халық музыкасын кәсіби ғылыми тұрғыда зерделеуде Ахмет Жұбановтың еңбектері айрықша мәнге ие. Ол қазақ әндерінің интонациялық жүйесін, орындаушылық мәнерін және ұлттық музыкалық ойлау ерекшеліктерін тұтастай мәдени-тарихи контексте қарастырып, халықтық дәстүр мен кәсіби музыкалық шығармашылықтың сабақтастығын негіздеді. Ахмет Жұбанов еңбектерінде (Жұбанов) қазақ әндерін академиялық сахнаға бейімдеу үдерісі ұлттық болмысты сақтаумен тікелей байланысты екені атап көрсетіледі.

Қазақтың халық әндерін ғылыми тұрғыда жинақтау, жүйелеу және орындаушылық ерекшеліктерін сақтау мәселелері Борис Ерзаковичтің еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, «Казахская народная песня» зерттеуінде автор қазақ әндерінің лад-интонациялық құрылымы мен орындаушылық табиға-

тын талдай отырып, олардың бастапқы халықтық болмысын сақтаудың маңызын көрсетеді (45-78). Ал «История казахской музыкальной культуры» еңбегінде халық әндерінің кәсіби ортаға енуі, нотаға түсірілуі және сахналық өмірі тарихи-мәдени контексте қарастырылып, академиялық өңдеу барысында ұлттық интонациялық жүйенің бұзылмауы қажеттігі атап өтіледі (112-146).

Қазақ халық әндерін кәсіби орындауға бейімдеу мен вокалдық өңдеу тәжірибесінде Бақытжан Байқадамовтың (Байқадамов) шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметі ерекше орын алады. Ол қазақ хор мәдениетінің қалыптасуына елеулі үлес қосып, халық әндерін академиялық орындау кеңістігіне енгізудің нақты үлгілерін ұсынды. Бақытжан Байқадамовтың өңдеулерінде қазақ әндерінің интонациялық табиғаты мен көркемдік бейнесі сақтала отырып, олар вокалдық диапазонға, ансамбльдік және хорлық орындау талаптарына сәйкестендірілді. Бұл үдерісте еуропалық кәсіби музыка тәжірибесінің техникалық мүмкіндіктері пайдаланылғанымен, ұлттық әуездік ерекшеліктерді механикалық түрде алмастырудан саналы түрде бас тарту қағидаты басым болды.

Бақытжан Байқадамовтың халық әндерін өңдеу тәжірибесі қазақтың дәстүрлі орындаушылық болмысын кәсіби академиялық формада ұсынудың мүмкін екенін дәлелдейді. Оның шығармашылық қызметі халық әндерін сахналық және концерттік орындауға бейімдеу барысында ұлттық интонация, мәтіннің орфоэпиялық дәлдігі және көркемдік тұтастық сақталуы тиіс деген тұжырымды нығайтады. Осы тұрғыда Бақытжан Байқадамовтың еңбектері қазақ классикалық ән орындау мектебінің қалыптасуына ықпал еткен практикалық әрі әдіснамалық негіздердің бірі ретінде қарастырылады.

Аталған авторлардың еңбектері қазақ классикалық әндерін орындауда академиялық вокал техникасының қажетті, алайда жеткіліксіз шарт екенін көрсетіп, ұлттық

интонация мен орындаушылық болмысты сақтауға негізделген синтездік тәсілдің әдіснамалық маңызын негіздейді.

Академиялық вокал өнерінің жалпы теориялық негіздері Борис Асафьевтің интонация теориясымен тығыз байланысты. Асафьев музыкалық интонацияны тек дыбыстық құбылыс ретінде емес, көркемдік мағына мен ойдың тасымалдаушысы ретінде қарастырады (18-60). Бұл тұжырым қазақ классикалық әнін музыкалық тұрғыда сауатты орындау мен көркемдік тұрғыда асқақтата шырқау арасындағы айырмашылықты ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Интонацияның ұлттық сипаты мен орындаушының көркемдік ойлау жүйесі арасындағы байланыс осы тұрғыда ерекше мәнге ие.

Академиялық вокал педагогикасы саласындағы Richard Miller (Richard Miller) мен Johan Sunberg (Johan Sunberg) еңбектері дауыс аппаратының физиологиялық және акустикалық негіздерін жүйелі түрде сипаттайды. Бұл зерттеулер кәсіби вокал техникасының жалпыға ортақ қағидаттарын айқындағанымен, ұлттық ән айту дәстүрлерінің ерекшеліктерін тікелей қарастырмайды. Ал John Potter (John Potter), вокалдық дауысты тарихи және мәдени феномен ретінде талдай отырып, академиялық орындау үлгілерінің белгілі бір ұлттық және стильдік контексте қалыптасатынын көрсетеді. Осы тұрғыда John Potter (John Potter) тұжырымдары вокал техникасының абсолютті универсалдық емес, тарихи шартталған құбылыс екенін дәлелдейді. Бұл көзқарас қазақ классикалық әндерін орындауда академиялық вокал техникасының қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге әдіснамалық негіз береді.

Ұлттық вокалдық мектептердің қалыптасуы мәселесі халықаралық музыкалану еңбектерінде де қарастырылады. Италияндық *bel canto*, орыс вокал мектебі және басқа да ұлттық орындаушылық дәстүрлерді зерттеген еңбектерде әрбір вокалдық мектептің тілдік, интонациялық және мәдени ерекшеліктерге сүйеніп да-

митыны көрсетіледі. Бұл тұжырым қазақ классикалық ән орындау мектебінің дербес ұлттық жүйе ретінде қалыптасуы заңды құбылыс екенін айғақтайды.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектерді талдау қазақ классикалық әндерін академиялық вокалмен орындау мәселесінің кешенді сипатын көрсетеді. Бір жағынан, академиялық вокал техникасы кәсіби орындаудың қажетті негізі болып табылса, екінші жағынан, қазақтың дәстүрлі ән айту болмысы, интонациялық жүйесі мен тілдік-орфоэпиялық ерекшеліктері сақталмайынша, шығарманың көркемдік тұтастығы толық ашылмайды. Осы тұрғыда қазақ классикалық ән орындау мектебін дәстүрлі халық ән айту үрдісі мен кәсіби академиялық вокал жүйесінің синтезі ретінде қарастыру қазіргі музыкатану ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Талқылау

Қазақтың классикалық әндерінің академиялық, классикалық дауыспен орындалуы мәселесі тек орындаушылық техника аясында ғана емес, ұлттық эстетика мен кәсіби вокалдық мектептің қалыптасуы тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Берілген мәтін негізінде қазақ классикалық әнін музыкалық тұрғыда сауатты орындау қажетті, алайда жеткіліксіз алғышарт екені айқындалады. Орындаушылықтың келесі деңгейі шығарманы қазақтың дәстүрлі ән айту болмысына сай асқақтата шырқай білуімен айқындалады.

Академиялық вокал жүйесі кәсіби және интеллектуалдық тұрғыдан жоғары дамыған орындаушылық тәжірибе болғанымен, оны қазақтың халық ән орындау мектебінің озық үлгілерімен ұштастырмай қолдану біржақты нәтиже береді. Осы тұрғыда, сауатты орындау мен асқақтата шырқау ұғымдарының ара-жігін ажырату маңызды. Біріншісі музыкалық және техникалық талаптарға сәйкестікті білдірсе, екіншісі ұлттық интонация, орфоэпия және көркемдік мазмұнды терең

игеруге негізделеді. Мәселен, еуропалық академиялық вокалға тән интонациялық тұрақтылық пен бірқалыпты вибраторлық қазақтың дәстүрлі ән айту мектебіндегі еркін интонациялық қозғалыспен, глиссандолық ауысымдармен салыстырғанда, қазақ классикалық әндерінің әуездік табиғатын толық жеткізе алмайтыны байқалады.

Опералық бағыттағы кәсіби вокалистердің орындаушылық тәжірибесі тарихи қалыптасқан итальян, батысеуропалық және орыс вокал мектептеріне сүйенетіні белгілі. Бұл мектептерде тембрдің біртектілігі, дыбыстың дөңгелектенуі және унификацияланған вокалдық идеал басымдыққа ие. Алайда қазақ классикалық шығармалары аталған мектептердің дайын орындаушылық модельдеріне толықтай сәйкес келе бермейді. Қазақ дәстүрлі ән орындау тәжірибесіне тән тембрлік алуандық, ашық дыбыс, табиғи резонанс пен әуеннің кең тынысты дамуы еуропалық вокал мектептеріндегі тембрлік біріздендірумен салыстырғанда, ұлттық көркемдік мазмұнды ашуда өзге талап қояды. Бұл жағдай қазақ классикалық әндерін орындауға бейімделген, тыңдаушыға түсінікті әрі ұлттық болмысты сақтайтын дербес орындаушылық мектептің қажеттігін көрсетеді.

Қазақ классикалық әнші ұғымы, академиялық вокал техникасын меңгерумен ғана шектелмейді. Ол орындаушының қазақ әнінің интонациялық жүйесін, дәстүрлі орындаушылық мәнерін, тілдік-орфоэпиялық ерекшеліктерін терең түсінуін қамтиды. Академиялық дауыс мүмкіндігі, кәсіби музыкалық біліктілік және ұлттық орындаушылық болмысты меңгеру өзара үндеспейінше, классикалық әннің көркемдік тұрғыдан толық ашылуы мүмкін емес. Бұл, әсіресе, мәтін мен әуеннің арақатынасына қатысты айқын көрінеді: академиялық вокалда мәтін көбіне вокалдық дыбысқа икемделсе, қазақ әнінде сөз мағынасы интонациялық дамуды айқындайтын басты факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ вокалдық-классикалық мектебінің халық әндері орындау дәстүрімен

сабақтастығы оның негізгі әдіснамалық қағидаттарының бірі ретінде айқындалады. Қазақ әндеріндегі интонациялық өзгешелік, әшекейлеу мен әрлеу тәсілдері, мелизматика, мәтін мен әуеннің өзара сәйкестігі және орфоэпиялық дәлдік ұлттық нақышты қалыптастыратын маңызды факторлар болып табылады. Мәселен, bel canto дәстүріндегі стандартталған пассаждар мен вокалдық әшекейлер қазақ әніндегі мағыналық, импровизациялық иірімдермен салыстырғанда, соңғыларының көркемдік мазмұнды ашудағы рөлі басым екені анықталады.

Еуропалық вокалдық дәстүр дауысты сақтау мүмкіндігін бергенімен, ол қазақ әнінің ішкі табиғатына сай көркемдік бояумен үндеспесе, шығарманың мазмұны толық ашылмайды. Сонымен қатар орындаушылықта орынсыз әшекейлеу мен талғамсыз бұрмалаудан сақтану қажеттігін де атап өту қажет. Қазақ классикалық әнін орындаудағы синтездік тәсіл механикалық біріктіру емес, жоғары кәсіби деңгей мен көркемдік талғамға негізделуі тиіс. Осы тұрғыда, жалпы әлемге ортақ академиялық орындау қағидаттарының қазақ классикалық шығармаларын толыққанды ашуға жеткіліксіз екені жөніндегі тұжырым логикалық түрде негізделген.

Осылайша, қазақ классикалық ән шығару мектебі дәстүрлі қазақ ән орындау үрдісінің озық үлгілері мен кәсіби академиялық вокал мектебінің өзара үндесіп, бірін-бірі толықтыруы нәтижесінде қалыптасатын дербес орындаушылық жүйе ретінде айқындалды. Мұндай мектеп қазақ классикалық әндерін әлемдік вокалдық

кеңістікте ұлттық келбетімен танытуға мүмкіндік беретін маңызды мәдени-орындаушылық құбылыс болып табылады. 1-кестеде еуропалық академиялық вокал мектептеріне тән орындаушылық қағидаттар мен қазақтың дәстүрлі ән айту мектебінің интонациялық, тембрлік және көркемдік ерекшеліктері салыстырмалы түрде ұсынылған.

Кесте қазақ классикалық әнін орындауда академиялық және ұлттық орындаушылық жүйелердің сәйкестігі мен шектелулерін айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелері

Жүргізілген талдамалық жұмыс нәтижесінде қазақтың классикалық әндерін академиялық дауыспен орындаудың негізгі қағидаттары айқындалды. Бұл қағидаттар қазақ вокалдық-классикалық орындау мектебін қалыптастырудың теориялық және практикалық негізін құрайды.

Бірінші қағидат ретінде қазақ классикалық әнін орындауда музыкалық және вокалдық сауаттылықтың міндетті алғышарт екені анықталды. Академиялық вокал техникасын меңгеру шығарманы музыкалық тұрғыда дұрыс орындауға мүмкіндік береді, алайда ол ұлттық көркемдік мазмұнды толық ашу үшін жеткіліксіз болып табылады.

Екінші қағидат — қазақтың дәстүрлі ән орындау мектебінің интонациялық, орфоэпиялық және көркемдік ерекшеліктерін академиялық орындау үдерісіне интеграциялау қажеттілігі. Бұл қағидат қазақ классикалық әнін орындауда сауат-

Кесте №1. Академиялық вокал және қазақ дәстүрлі ән айту мектебінің салыстырмалы сипаттамасы

Параметрі	Еуропалық академиялық вокал	Қазақ дәстүрлі ән айту мектебі
Интонация	Тұрақты, диатоникалық	Еркін, глиссандолық
Вибрато	Бірқалыпты, стандартталған	Контекстке тәуелді, вариативті
Тембр	Біріздендірілген, «дөңгелек»	Ашық, табиғи, алуан түрлі
Мелизматика	Канондық пассаждар	Мағыналық, импровизациялық
Орфоэпия	Дыбысқа бағынышты мәтін	Мәтінге бағынышты интонация
Көркемдік басымдық	Техникалық мінсіздік	Мазмұн мен образ

ты орындау деңгейінен асқақтата шырқау деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

Үшінші қағидат ретінде академиялық вокалдық мүмкіндіктер мен ұлттық орындаушылық болмыстың синтезі айқындалды. Академиялық дауыс мүмкіндігі, кәсіби музыкалық біліктілік және қазақи ән айту табиғатын меңгеру өзара біте қайнасып үндескен жағдайда ғана шығарманың көркемдік тұтастығы сақталады.

Төртінші қағидат — қазақ классикалық әндерін орындауға бейімделген дербес вокалдық мектептің қажеттілігі. Әлемге ортақ вокалдық мектептердің үлгілері қазақ классикалық шығармаларының табиғатына әрдайым сәйкес келе бермейтіндіктен, ұлттық интонациялық жүйеге негізделген орындаушылық модельді қалыптастыру өзекті болып табылады.

Бесінші қағидат ретінде орындаушылықта көркемдік талғам мен кәсіби жауапкершіліктің маңыздылығы анықталды. Орынсыз әшекейлеу мен талғамсыз бұрмалау қазақ классикалық әнінің мазмұнын әлсірететін факторлар ретінде айқындалып, синтездік орындау тәсілі жоғары кәсіби деңгейге негізделуі тиіс екені белгіленді.

Алтыншы қағидат — қазақ вокалдық-классикалық мектебінің халық әндері орындау дәстүрімен сабақтастығы. Қазақ классикалық әндерінің интонациялық өзгешелігі, мелизматикасы, мәтін мен әуеннің өзара сәйкестігі ұлттық орындаушылық мектептің айқындаушы белгілері ретінде анықталды.

Нәтижелер жиынтығы қазақтың классикалық ән орындау мектебін дәстүрлі қазақ ән айту үрдісі мен кәсіби академиялық вокал жүйесінің өзара толықтырылуы нәтижесінде қалыптасатын дербес әрі өміршең орындаушылық модель ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Осы қағидаттардың орындаушылық практикада көрініс табуын көрсету үшін төменде қазақ классикалық әндерінен алынған ноталық және орфоэпиялық үлгілер талданды.

Ән орындау мектебінің тәжірибесінде мәтіннің графикалық (жазбаша) форма-

сы мен дыбыстық (орындаушылық) жүзеге асуының арасында айырмашылық жиі байқалады. Бұл құбылыс қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарының музыкалық интонациямен тікелей байланыста екенін көрсетеді. Мысалы, «Хұсни-Хорлан» әнінде: «Шіркінді қандай адам тапты екен деп...» — деген жол жазылуында бөлек берілгенмен, орындауда «таптекен деп» түрінде тұтас айтылады. Мұнда дауысты дыбыстардың редукциясы орын алып, музыкалық фразаның тұтастығы сақталады.

Ұқсас құбылыс «Бұрылтай» әнінде байқалады: «Сағасы өткел бермейді терең сайдың...». Орындау барысында «сағасы өткел» тіркесі біріктіріліп, дыбыс ықшамдалу арқылы айтылады. Сонымен қатар, «сайдың» сөзі кей жағдайда «сайыдынау» түрінде айтылып, интонациялық-экспрессивтік кеңейту ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай тәсілдер әуен мен мәтіннің ішкі үйлесімділігін күшейтіп, вокалдық фразаның «тынысын» табиғи етеді.

Бұл ерекшелік тек халық әндеріне ғана емес, кәсіби композиторлық шығармаларға да тән. Мысалы, Абай операсындағы Абайдың «Қайталқы» ариясында: «Қайталқы құл алдына құбылымаған...», — мәтіннің орфоэпиялық өзгерістері музыкалық интонацияға сәйкес жүзеге асады. Сол сияқты «Келмеп пе едің жол тосып» Абай әніндегі мәтіннің буындық жіктелуі әуеннің метроритмикалық құрылымына тәуелді түрде өзгеріске ұшырайды.

Қазақ тілінде екпіннің соңғы буынға түсуі жалпы заңдылық екені белгілі. Алайда, ән орындауда екпіннің орналасуы музыкалық құрылым мен интонациялық дамуға тәуелді болады. Бұл орындаушылық қателіктердің бір себебін түсіндіреді: кейбір әншілердің «шолақ қайыруы» дәл осы екпін заңдылықтарын ескермеуіне байланысты. Мысалы, Мұхиттің «Айнамкөз» әнінде фразаның соңындағы сөздер триольдік құрылым арқылы қайталанып, ерекше акцент тудырады. Бұл жағдайда орфоэпиялық вариативтілік (созу, қосымша дыбыстар енгізу) орындаушылық экспрессияның маңызды құралына айналады.

Осы қағидаттардың практикалық көрінісі «Алқоңыр» әнінде (өңдеуі Борис Ерзакович) анық байқалады. Бұл шығарманы орындау тәжірибесі екі кезеңге негізделеді:

1-кезең (академиялық орындау): әнді ноталық мәтінге толық сәйкес, ритм, интонация, динамика талаптарын сақтай отырып орындалады. Бұл кезеңде орындаушы музыкалық сауаттылық пен вокалдық техниканы меңгереді.

2-кезең (ұлттық орындаушылық-интерпретация): ән мәтіннің мағынасына, екпіннің құрылымына және дәстүрлі интонациялық интерпретацияға сүйене отырып,



Ноталық үлгі №1
Орфоэпиялық редукция үлгісі

әуенді вариативті түрде дамыту. Мысалы, «жалаулатқан», «сейілге шық» сөздері триольдік өрнекте белгіленгенмен, оларды ұлттық әшекейлеу (мелизматика) арқылы байыту орындаушылық деңгейін арттырады. Егер шығарма тек ноталық мәтінмен шектелсе, оның көркемдік әлеуеті толық ашылмай, орындау бірқалыпты сипатта қалып қоюы мүмкін. Керісінше, дәстүрлі орындаушылық элементтерді орынды енгізу музыкалық образды тереңдетеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар қазақ классикалық ән орындауында:

- орфоэпияның музыкалық интонацияға тәуелді екенін,
- мәтін мен әуеннің ажырамас бірлігін,
- ноталық мәтін мен тірі орындаушылық дәстүр арасындағы айырмашылықты айқын көрсетеді.

Осылайша, қарастырылған мысалдар қазақ классикалық ән орындауында орфо-



Ноталық үлгі №2
Фразалық бірігу және ассимиляция үлгісі

эпия, интонация және ноталық мәтіннің өзара тығыз байланыста қарастырылатынын көрсетеді. Орындаушылық практикада мәтіннің дыбыстық трансформациясы музыкалық құрылымға бейімделіп, көркемдік нәтижеге қызмет етеді. Бұл үрдіс қазақ вокалдық дәстүрінің маңызды сипаттарының бірі ретінде бағаланып, орындаушылықтың екі деңгейін қалыптастырады: бір жағынан — ноталық дәлдікке негізделген академиялық орындау, екінші жағынан — дәстүрлі интонациялық-орфоэпиялық тәжірибеге сүйенген интерпретациялық еркіндік.

Тұжырымдар

Жүргізілген ғылыми-теориялық талдау қазақтың классикалық әндерін академиялық дауыспен орындау мәселесінің көпқырлы



Ноталық үлгі №3

Триольдік құрылымдағы екпін вариативтілігі

сипатын айқындады. Зерттеу нәтижелері бұл үдерістің тек вокалдық техникамен шектелмей, ұлттық эстетика, орындаушылық мәдениет және кәсіби вокалдық мектептің қалыптасуымен тікелей байланысты екенін көрсетті.

Қазақ классикалық әндерін орындауда академиялық вокал жүйесінің кәсіби мүмкіндіктері маңызды алғышарт болғанымен, оларды қазақтың дәстүрлі ән айту болмысымен ұштастырмай қолдану шығарманың көркемдік мазмұнын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Осы тұрғыда ұлттық интонацияны, тілдік-орфоэпиялық дәлдікті және көркемдік бояуды ескеру негізгі әдіснамалық талап ретінде анықталды.

Зерттеу барысында сауатты орындау мен асқақтата шырқау ұғымдарының арасындағы айырмашылықтың принциптік мәні негізделді. Бұл айырмашылық қазақ классикалық әнін кәсіби деңгейде орындаудың өлшемі ретінде қарастырылып, орын-

даушының ұлттық орындаушылық санасы мен көркемдік ойлау қабілетіне тәуелді екені көрсетілді. Қазақ вокалдық-классикалық мектебінің қалыптасуы дәстүрлі қазақ ән орындау үрдісінің озық үлгілері мен кәсіби академиялық вокал мектебінің синтезі арқылы жүзеге асатыны анықталды. Мұндай мектеп қазақ классикалық әндерін әлемдік вокалдық кеңістікте ұлттық келбетімен танытуға мүмкіндік беретін дербес орындаушылық жүйе ретінде сипатталды.

Сонымен қатар, қазақ классикалық әндерін орындауда көркемдік талғам мен кәсіби жауапкершіліктің шешуші рөлі атап өтілді. Орынсыз әшекейлеу мен стильдік бұрмалаулардан бас тарту, шығарманың ішкі мазмұнын жоғары көркемдік деңгейде аша білу ұлттық вокалдық мектептің маңызды қағидаттары ретінде айқындалды.

Қорытындылай келе, қазақтың классикалық ән орындау мектебін ғылыми тұрғыдан негіздеу ұлттық музыкалық мәдениетті сақтау мен дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл мектептің теориялық және әдіснамалық қағидаттарын жүйелеу заманауи вокалдық педагогика мен орындаушылық тәжірибеде қолдануға бағытталған перспективалық бағыт ретінде бағаланады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазақтың классикалық әндерін академиялық вокалдық дауыспен орындау мәселесінің тек орындаушылық техникамен шектелмейтінін, оның ұлттық мәдени мұраның сақталуы мен дамуына тікелей қатысы бар өзекті мәселе екенін айқындады. Қазақтың халық әндері ғасырлар бойы тарихи-мәдени тәжірибе барысында өңделіп, көркемдік тұрғыдан шыңдалып, халықтың рухани айнасы әрі асыл құндылығы ретінде қалыптасты. «Назқоңыр», «Алқоңыр», «Ақбақай», «Қарғаш», «Сұрша қыз», «Ғайни», «Ақжалмаш» және басқа да көптеген халық әндері осы үрдістің айқын көрінісі болып табылады. Бұл әндердің халық әні

ретіндегі мәртебесі кездейсоқ қалыптасқан құбылыс емес. Оларды ғылыми тұрғыдан жинақтап, саралап, нотаға түсіріп, вокалдық орындауға бейімдеген Александр Затаевич (Затаевич), Борис Ерзакович (Ерзакович), Ахмет Жұбанов (Жұбанов), Бақытжан Байқадамов (Байқадамов) сынды зерттеуші-композиторлардың еңбегі қазақ классикалық ән орындау мектебінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Аталған тұлғалар халық әндерін жекелеген авторларға телу немесе тарихи негізсіз бұрмалау жолына түспей, алғашқы орындаушылармен тікелей байланыс орнатып, халықтық болмысын сақтай отырып ғылыми және кәсіби өңдеу жүргізді. Осы себепті ғасырдан астам уақыт бұрын хатқа түскен халық әндерінің авторлығын қайта қарау немесе оларды жасанды түрде жаңа авторларға телу ғылыми негізден алыс әрекет екені анықталды.

Нәтижесінде бұл халық әндері әлемге ортақ академиялық вокал жанрында орындалатын классикалық халық әндері ретінде орнығып, кәсіби орындаушылық тәжірибеде тұрақты репертуарға айналды. Халық әндерінің вокалдық тұрғыдан өңделуі, дауыс түрлеріне (тенор, баритон, сопрано және т.б.) бейімделуі олардың кәсіби сахналық өмірін кеңейтіп, орындаушылық мәдениеттің жоғары деңгейде дамуына ықпал етті. Осы үдеріс барысында қазақ классикалық ән орындау мектебі қалыптасып, ол ұлттық рухани мұраның заманауи мәдени кеңістікте өміршендігін қамтамасыз ететін дербес орындаушылық жүйе ретінде айқындалды.

Зерттеу нәтижелері қазақ классикалық ән орындау мектебінің негізінде бірнеше өзара сабақтас орындаушылық бағыттардың жатқанын көрсетті. Олардың қатарында жалпы академиялық вокал мектебінің қағидаттары, қазақ композиторларының вокалдық шығармаларын академиялық мәнерде орындаудың ерекшеліктері, сондай-ақ, қазақ халық ән орындаушылық мектептерінің ұлттық дәстүрі мен көркемдік үлгілері бар. Аталған факторлардың синтезі нәтижесінде қалыптасқан қазақ

классикалық ән орындау мектебі кәсіби шеберлік, ұлттық болмыс және көркемдік талғамның біртұтас жүйесін білдіреді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл тұжырымдар қазақ әндерін академиялық деңгейде орындау талаптарының барлық буынға — жас өнерпаздардан бастап кемел кәсіби әншілерге дейін ортақ екенін негіздейді. Қазақ классикалық әндерін орындау саласындағы педагогикалық үдерісте дәстүрлі интонация, орфоэпиялық дәлдік, ұлттық көркемдік ойлау мен академиялық вокал техникасының үйлесімділігі басты бағдар ретінде ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, алынған нәтижелер жоғары және орта арнаулы музыкалық білім беру

бағдарламаларын жетілдіруде, репертуарлық саясатты қалыптастыруда, сондай-ақ, ұлттық вокалдық орындау мәдениетін жүйелі түрде насихаттауда әдіснамалық негіз бола алады.

Осылайша, қазақтың классикалық ән орындау мектебі — ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық ән айту дәстүрі мен кәсіби академиялық вокал жүйесінің табиғи үндесуінен туындаған, елдік деңгейде қамқорлықпен үнемі назарда ұстауды қажет ететін заманауи мәдени құбылыс. Оның дамуы мен орнығуы ұлттық рухани мұраны сақтаудың, кәсіби вокалдық өнерді жетілдірудің және қазақ ән өнерін әлемдік мәдени кеңістікте танытудың маңызды кепілі болып табылады.

Авторлардың үлесі:

Қ. Байкуатұлы – тұжырымдаманы анықтау, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау. Материалдарды жүйелеу және зерттеу нәтижелерін талдау.

А.Қ. Байкуатова – Мәтінді редакциялау, мақаланы рәсімдеу және зерттеу әдістемесін әзірлеу. Қолданылған ағылшын тіліндегі әдебиеттерді талдай отырып, шолу дайындау.

Authors' contribution:

K. Baykuatuly – definition of the concept, identification of the purpose and tasks of the study. Systematization of the material and analysis of the research results.

A. K. Baikutova – Editing the text, formatting of the article and development of research methodology. Preparation of a literature review in English language with a comparative analysis of whole literature.

Вклад авторов:

К. Байкуатұлы – определение концепции, выявление цели и задач исследования. Систематизация материала и анализ результатов исследования.

А.К. Байкуатова – редактирование текста, оформление статьи и разработка методологии исследования. Подготовка обзора литературы на английском языке с предварительным анализом всей литературы.

Дәйеккөздер тізімі

Асафьев, Борис. *Музыкальная форма как процесс*. Ленинград, Музыка, 1971, с. 369.
<https://www.piano.ru/scores/books/asaf-forma.pdf>

Байқуатұлы, Құрманбек. *Қазақтың классикалық ән орындау мектебінің негізі: оқу құралы*. Алматы, ЖК Волкова, 2019, 200 б.

Ән – ғұмыр: Бақытжан Байқадамовқа 100 жыл // MusicNews.kz. URL: <https://musicnews.kz/ән-ғұмыр-бақытжан-байқадамовқа-100-zhyl/> дата посещения 15.02.2026

Жұбанов, Ахмет. *Ғасырлар пернесі*. Алматы, Дайк-Пресс, 2002, 329 б.

Жұбанов, Ахмет. *Замана бұлбұлдары*. Алматы, Жазушы, 1961, 167 б.

Затаевич, Александр. *1000 песен казахского народа*. Москва, ГМИ, 1963

Ерзакович, Борис. *Казахская народная песня*. Алматы, Наука, 1966.

Ерзакович, Борис. *История казахской музыкальной культуры*. Алматы, Ғылым, 1980.

Кенжетеев, Қауен. Қазақ халық әндерін орындаудағы кейбір сипаттары: Алматы, Ән-ғұмыр, 1990.

Miller, Richard. *The Structure of Singing: System and Art in Vocal Technique*, New York, Shirmer Books, 1996, p. 372. <https://archive.org/details/structureofsingi0000mill/page/n5/mode/2up>

Sundberg, Johan. *The Science of Singing Voice*. Dekalb, Northern Illinois University press, 1987, p. 216. <https://archive.org/details/scienceofsinging0000sund/page/n239/mode/2up>

Potter John. *Tenor: History of a Voice*. New Haven, Yale University Press, 1999, p. 305.

References

- Asafyev, Boris. *Muzykal'naya forma kak protsess. [Musical Form as a Process]* Leningrad, Muzyka, 1971. (In Russian) <https://www.piano.ru/scores/books/asaf-forma.pdf>
- Baikuatuly, Kurmanbek. *Qazaqtyń klassikalıyq ǵn orındau mektebinin negizi. [Foundations of the Kazakh Classical Song Performance School: A Study Guide]* Almaty: ZhK Volkova, 2019, 200 b. (In Kazakh)
- Baqytzhan Baiqadamov to 100 zhyly // MusicNews.kz.URL: <https://musicnews.kz/ән-ғұмыр-бақытжан-байқадамовқа-100-жыл/> Accessed 15.01.2026
- Zhubanov, Akhmet. *Gasyrlar pernesi. [The Strings of Centuries]* Almaty: Daik-Press, 2002, 329 b. (In Kazakh)
- Zhubanov, Akhmet. *Zamana bulbyldary. [Nighingales of the Era]* Almaty: Zhazushy, 1961, 167 b. (In Kazakh)
- Zatayevich, Aleksandr. *1000 pesen kazakhskogo naroda. [1000 Songs of the Kazakh People]* Moscow: GMI, 1963.
- Erzakovich, Boris. *Kazakhskaya narodnaya pesnya. [Kazakh Folk Song]* Almaty: Nauka, 1966. (In Russian)
- Erzakovich, Boris. *Istoriya kazakhskoy muzykal'noy kul'tury. [History of Kazakh Musical Culture]* Almaty: Gylm, 1980. (In Russian)
- Kenzhetaev, Qauken. *Qazaq halyq anderin orındaydagı keibir sipattary. [Some Characteristics of Performing Kazakh Folk Songs]* Almaty: An-gumyr, 1990. (In Kazakh)
- Miller, Richard. *The Structure of Singing: System and Art in Vocal Technique.* New York: Schirmer Books, 1996. <https://archive.org/details/structureofsingi0000mill>
- Sundberg, Johan. *The Science of the Singing Voice.* DeKalb: Northern Illinois University Press, 1987. <https://archive.org/details/scienceofsinging0000sund>
- Potter, John. *Tenor: History of a Voice.* New Haven: Yale University Press, 1999.

Байкуатулы Курманбек

Казахская Национальная Академия Искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

Байкуатова Акмарал

Казахский Национальный Университет Искусств имени Куляш Байсеитовой (Астана, Казахстан)

КАЗАХСКАЯ ШКОЛА КЛАССИЧЕСКОГО ВОКАЛЬНОГО ПЕНИЯ: ПРОЦЕСС И ПРИНЦИПЫ СИНТЕЗА

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования казахской школы классического вокального исполнения с позиции синтеза традиционной народной певческой практики и принципов академического вокального искусства. Актуальность исследования обусловлена тем, что в условиях современной глобализации стандартизированные модели академического вокала нередко вытесняют национальные интонационные, языковые и исполнительские особенности на второй план. *Целью* исследования является выявление теоретико-методологических основ казахской школы классического вокального исполнения и обоснование ее как самостоятельной художественно-педагогической школы. В ходе исследования применялись сравнительно-аналитический, культурно-исторический, исполнительско-аналитический и педагогический *методы*. В *результате* анализа выявлено принципиальное различие между музыкально грамотным исполнением и художественно - возвышенным пением в интерпретации казахской классической песни, а также определены национальная интонация, мелизматика, тембровая окраска и орфоэпическая точность текста как ключевые определяющие факторы. Полученные результаты позволяют рассматривать казахскую школу классического вокального исполнения как самостоятельную исполнительскую систему, сохраняющую национальную музыкальную идентичность и эффективно применимую в современной вокальной педагогике и профессиональной сценической практике.

Ключевые слова: казахская классическая песня, академический вокал, традиционное пение, исполнительская школа, национальная интонация.

Для цитирования: Байкуатулы, Курманбек и Акмарал Байкуатова. «Казахская школа классического вокального пения: процесс и принципы синтеза». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 11, №2, 2026, с. 168–183, DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1188

Благодарности: Авторы выражают свою благодарность редакции журнала «Central Asian Journal of Art Studies» и рецензентам за проявленный интерес, а также за помощь в подготовке данной статьи к публикации.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов

Baykuatuly Kurmanbek

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

Baikuatova Akmaral

Kulyash Baiseitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

THE KAZAKH SCHOOL OF CLASSICAL VOCAL SINGING: PROCESS AND PRINCIPLES OF SYNTHESIS

Abstract. The article examines the formation of the Kazakh school of classical vocal performance from the perspective of the synthesis between traditional folk singing practices and the principles of academic vocal performance. The relevance of the study is determined by the dominance of standardized academic vocal models in contemporary globalization, which often marginalize national intonational, linguistic, and performance-specific characteristics. The research aims to identify the theoretical and methodological foundations of the Kazakh school of classical vocal performance and to substantiate it as an independent artistic and pedagogical school. The study employs comparative-analytical, cultural-historical, performance-analytical, and pedagogical *methods*. The analysis reveals a fundamental distinction between technically competent musical performance and artistically elevated singing in the interpretation of Kazakh classical songs, identifying national intonation, melismatic features, timbral coloration, and orthoepic precision of the text as key defining factors. The research *findings* allow the Kazakh school of classical vocal performance to be characterized as an independent performance system that preserves national musical identity and can be effectively applied in contemporary vocal pedagogy and professional stage practice.

Keywords: Kazakh classical song, academic vocal performance, traditional singing, performance school, national intonation.

Cite: Baykuatuly, Kurmanbek and Baikuatova, Akmaral. "The Kazakh School of Classical Vocal Singing: Process and Principles of Synthesis". *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 11, №2, 2026, с. 168–183, DOI:10.47940/cajas.v11i2.1188

Acknowledgments: The authors express their gratitude to the editorial board of the "Central Asian Journal of Art" and the reviewers for their interest in the study, as well as for their assistance in preparing this article for publication.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Байкуатұлы Құрманбек —
Мәдениет қайраткері, “Театр
өнері” факультеті, “Жеке
ән салу” кафедрасының
профессоры, Темірбек
Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Байкуатулы Курманбек —
деятель культуры, профессор
кафедры «Сольное пение»,
факультет «Театральное
искусство», Казахской
национальной академии
искусств имени Темирбека
Жургенова
(Алматы, Казахстан)

Baykuatuly Kurmanbek —
Cultural worker, Professor of the
“Vocal” department, “Theatre
Art” faculty, Temirbek Zhurgenov
Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

ORCID: 0009-0009-3144-3123
E-mail: baykuatuly@mail.ru,

**Ақмарал Құрманбекқызы
Байкуатова** — «Музыкатану
және композиция»
кафедрасының PhD докторанты,
Ғылым бөлімінің аға қызметкері,
Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

**Ақмарал Курманбековна
Байкуатова** — докторант PhD
кафедры «Музыковедения и
композиции», главный научный
сотрудник отдела науки,
Казахского национального
университета искусств имени
Куляш Байсеитовой
(Астана, Казахстан)

Baikuatova Akmaral — PhD
Student, Department of
Musicology and
Composition, Senior
Researcher at the Department
of Science, Kulyash Baiseitova
Kazakh National University of
Arts
(Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0009-0001-5192-804X
E-mail: akmaral.baikuat@bk.ru,.